

Осакаров аудандық мәслихатының 2013 жылғы 25 желтоқсандағы 26 сессиясының № 262 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Осакаров аудандық мәслихатының 2019 жылғы 19 маусымдағы № 691 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 27 маусымда № 5398 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Осакаров аудандық мәслихатының 2023 жылғы 31 қазандағы № 12/110 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Осакаров аудандық мәслихатының 31.10.2023 № 12/110 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы №504 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, аудандық мәслихат ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Осакаров аудандық мәслихатының 2013 жылғы 25 желтоқсандағы 26 сессиясының № 262 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2523 болып тіркелген, 2014 жылғы 1 ақпандағы № 5 (7385) "Сельский труженик" газетінде, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2014 жылдың 6 ақпанында жарияланған), келесі өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген, Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларында:

1) 2 тармақтың 9 тармақшасы жаңа редакцияда мазмұндалсын:

"9) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсету, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсетуге өтініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, орналасқан жері бойынша жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын заңды тұлға";

2) 9 тармақ келесі мазмұндағы 9-1) тармақшамен толықтырылсын:

"9-1) Астана күніне және Тәуелсіздік күніне:

Осакаров ауданының мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және оқитын балалары бар көп балалы отбасыларға";

3) 12 тармақ жаңа редакцияда мазмұндалсын:

"12. Өмірлік қиын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмектің шекті мөлшерлері:

табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарын жоюға – 10 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, бір рет;

ауыр материалдық жағдайға байланысты - 3 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, бір рет;

аурудың ауыр түріне шалдыққан кезде – 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, бір рет;

құжаттауға - 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, бір рет;

авария жайдайдағы тұрғын үйді жөндеуге - 9 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, бір рет;

әлеуметтік маңызды ауру тұлғаларға (туберкулез, жұқтырылған иммун тапшылығының синдромы, онкологиялық ауруларға) стационарда емделу кезеңіне және емделу мекемесіне баруына және қайтуына - 9 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, бір рет;

хронодиализде тұратын тұлғаларға – 15 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, бір рет;

Осакаров ауданының мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және оқитын балалары бар көп балалы отбасыларға – ауданның мектепке дейінгі ұйымдарында тамақтануға төлемнен 50% мөлшерінде, бір жолғы."

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың әлеуметтік саясат жөніндегі тұрақты комиссиясына (В. В. Бережной) жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Аудандық мәслихаттың хатшысы

К. Каймакова

К. Сақкулаков

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК